«РАЙЫМБЕК АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ РАЙЫМБЕКСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА»

041419, Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі, 22
Тел.: 8 (72 779) 2-20-02, факс: 8 (72 779) 2-20-04
E-mail: raimbek_maslihat94@mail.ru / БСН 030740004479

041419, Алматинская область, Райымбекский район, село Нарынкол, улица Райымбека, 22
Тел.: 8 (72 779) 2-20-02, факс: 8 (72 779) 2-20-04
E-mail: raimbek_maslihat94@mail.ru / БИН 030740004479

28.01.2026 № 02-10/04

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
Ж. Сүлейменоваға

Құрметті Жұлдыз Досбергенқызы!

Сізге, Райымбек ауданының тұрғындарынан түскен өтініш, ұсыныс-ескертпелерге байланысты аудандағы екі мектептің жай-күйі туралы төмендегідей мәліметтерді жолдай отырып, тиісті мемлекеттік органдармен мәселені көтеріп, Республикалық деңгейде шешілуіне ықпал жасауыңызды сұраймыз.

Райымбек ауданында 2021 жылы Көмірші ауылындағы Көмірші орта мектебі (595,1 млн. теңге қаржы бөлінген) мен Көкбел ауылындағы Көксай орта мектебі (562,6 млн. теңге қаржы бөлінген) күрделі жөндеу жұмыстарынан өтіп, құрылыс жұмыстары 2022 жылдың аяғына дейін аяқталуы тиіс болатын.

Алайда, 4 жылдан астам уақыт болды бүгіні күнге дейін екі мектептің де құрылыс жұмыстары аяқталған жоқ. Мердігері: «Строительная компания Шах» ЖШС.

Аталған компания талап арыз бойынша жұмыс жасамағаны үшін тұрақсыздық айыбын өндіру мен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бойынша Алматы облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотта қаралып, сот шешіміне сәйкес тұрақсыздық айыптары өндіріліп, 4, 5 рет сотта қаралған. Бүгінгі күнде де талап арыздар сотта жатыр. Қандай соттар қарап жатқаны бізге түсініксіз, қорытынды жоқ.

Білім ошақтарына жасалынған құрылыс жұмыстарының сапасы сын көтермейді. Себебі, біріншіден құрылыс материалдары сапасыз. Екіншіден, жүрдім-бардым жасаған. Шатырларынан су өтіп, төбесінің сылақтары түсіп жатыр. Мектептердің ішінде су жоқ, дәретхана жоқ. Электр желілері дұрыс жүргізілмеген т.б. Құрылыс жұмыстары толық аяқталмаған. Төрт жылдан астам уақыт болды, бүгінге құрылыс жұмыстарын аяқтауға міндеттенген мердігер де, олардың жұмысын бақылайтын тиісті орындар жоқ. Соның салдарынан аталған мектептердің оқушылары мен мұғалімдер алдынғы оқу жылдарында құрылыс жұмысы аяқталмаған мектептің бір блогында оқып шыққан.

000413

ДП «Эволюция»
СТ РК - 989-2014

Заңнама талаптарына сәйкес тапсырыс беруші мен мердігер және тиісті тараптар арасында обьектілерді өткізіп алу, беру актісі жасалмаған.

Жергілікті деңгейде аудан басшылары, аудандық, облыстық прокуратура, аудандық, облыстық білім басқармаларының басшылары да, облыс әкімі де біледі.

Аталған екі мектептің жағдайы қазіргі таңда өте өзекті жағдайда қалып отыр. Бұл мәселе қоғам үшін, әсіресе балалардың қауіпсіздігі мен сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету тұрғысынан ерекше әлеуметтік маңызға ие екенін ескере отырып, министрлік тарапынан шұғыл әрі нақты шешімдер қабылданады деп сенеміз.

VIIIсайланған Райымбек аудандық мәслихатының депутаттары:
Райымбек аудандық мәслихатының төрағасы: **С. Мүсірбаев**

Депутаттар:

Г. Арипова

Б. Сыдықбаев

Т. Ақылов

С. Жарылқасын

Б. Жүнісов

Ғ. Мырқасымов

Ж. Нұрғожаев

М. Себдайр